

**Тақырыбы:
«Синонимдер»**



Сайгүлік, сандақ, тұлпар, дүлдүл, пырақ, күлік. Шашасына шаң жұқпас жүйрік ат. Айшылық жерге асқанда Аққудай ұшса ақ қарда, самғауына сай келмес, Сайгүліктің шабуы *(Т.Жароков)*.

Осқырып таудың тағы тарланындай, не сандақ жылқының жүр арғымағы *(А.Тоқмағамбетов)*.

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, Оған да үкі, тұмар тағылса да *(Абай)*.

Топтан озған дүлдүлден, жұртта қалған ит озды *(Мақал)*.

Көлге біткен құрағым, суырылып озған пырағым *(Қыз Жібек)*.

Күңіретті ойды, қырды өңшең күлік, Арқаны дүрілдетті дүбір қылып *(І.Жансүгіров)*.

Шапса да қанша жүйрік бедеу озар, Болмайды кім үмітті қосқан жерде *(Ақан сері)*.



Шеше, ана, ене, апа. Баланы ақ сүтін емізіп асырап-сақтаушы, мәпелеп өсіруші тұлға. Розаның шешесі орта жастан асқан, байсалды қазаққылау кісі екен (Т.Ахтанов).

Анам едің, жаман сөз айтпаймын, бірақ кімнен кім айырылмай жатыр (М.Әуезов).

Папам мен мамам ұдайы селода қызмет істеген (С.Омаров).

Қашағанды қуар-ау, Жүйрік мінген боташым. Қуандырып тұрар-ау, көкесі мен апасын (Ә.Тәжібаев).



Ер, батыр, қаһарман, жауынгер. Қиындықтан қорықпайтын, қайтпас қайсар, батыл да өжет адам. Ер мойнында қыл арқан шірімейді (Мақал).

Ол - батырға лайық зор тұлғалы жігіт (Ә.Сәрсенбаев).

Ерлігі үшін қазақ халқының қаһарман ұлы Хасан Мажытовқа Совет Одағының батыры атағы берілді (Ә. Жәмішев).

Жанындағы ағасы Есенгелдіге қарағанда Саржанның жауынгер жан екені бірден білінеді (І.Есенберлин).

Синоним (гр. 'synonymos' — мағыналас, мәндес) — тұлғалары әр түрлі, мағынасы жақын сөздер. Синонимдер мынадай белгілеріне қарай топтастырылады:

- **Сөздің дыбысталуында өзгешелік болуы керек;**
- **Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі керек;**
- **Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы тиіс.**

Мақал-мәтелдерді құрау:

1. Сабырлы жетер мұратқа,
2. Туған жердей жер болмас,
3. Еңбек етпесең,
4. Егін екпесең,

Туған елдей ел болмас.

Асыққан қалар ұятқа.

Жерге өкпелеме.

Елге өкпелеме.

Тест

1. **Синоним дегеніміз –**

- A) Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздер
- B) Мағыналары қарама - қарсы сөздер
- C) Жазылуы әр түрлі, мағыналары бір - біріне жуық сөздер

2. **«Даңқ» сөзінің синонимін тап.**

- A) Мықты
- B) Атақ
- C) Дәулет

3. **«Қадірлі, құрметті, қадірменді» синонимдік қатары қай сөз табына жатады?**

- A) Сын есім
- B) Зат есім
- C) Үстеу

4. **«Адам» сөзінің синонимін тап.**

- A) Шәкірт
- B) Дос
- C) Кісі

5. **Синонимдік қатардың дұрысын тап.**

- A) Күлу, сықылықтау, жылау
- B) Зат, мүлік, нәрсе, бұйым
- C) Көне, жаңа, ескі

**“Сәйкестендіру кестесі” стратегиясы.
Синоним сөздерді сәйкестендіру тірек сөздер беріледі.**

ертеде	азанда
алыс	баяғыда
үлкен	дәм
кішкентай	келбет
ажар	шалғай
тамақ	дәу
таңертең	биттей